

XXI ғасырдың басында театртану пәнін оқитын студенттер XX ғасыр басында осы пәннің негізін қалаушылар бұрын мүлде елестетіп көрмеген көптеген көзқарастармен бетпе-бет келеді. Олар қай жағынан алсаңыз да ерекше саналатын академиялық пәнге жолығады. Біріншіден, ол теория мен тәжірибені университеттердің оқыту үлгісінде дәстүрлі болып саналмайтын, дегенмен бірте-бірте басқа пәндер үшін үлгіге айналып келе жатқан бағыт арқылы байланыстырады. Екіншіден, ол тарихи көзқарастан бастап философиялық пайымға дейінгі таза эстетикадан анық саяси ойға дейінгі көзқарастар мен ұстанымдар таңдауды ұсынады. Үшіншіден, студент сипаты жағынан салыстырмалы және халықаралық ауқымдағы пәнге қанығады.

Мұндай әралуандықтың екінші ықтимал сипаты — әрине, бағытсыздық және нақты қажет нәрсені айқындап алмау. Театртану пәні түрлі бағыттар дамығандықтан, көп жағдайда бой үйретіп, оқыған-тоқығаныңды «кеңірек ауқымға» сыйдыру қиынға түседі. Бұл алғы сөздің мақсаты — бастапқы бағдарды қалыптау. Ол бакалавриат пен магистратурада оқитын студенттерге бірдей қызықты болатындай етіп жасалған. Және университеттегі оқытудың түрлі кезеңдерінде кездесуі ықтимал сұрақтарға жауап ұсынып, ақпарат беруге тырысады.

Біріншіден, бұл кітап университетте театр өнерін академиялық пән ретінде оқытуға арналғанын айтып өту керек. Мұнда актерлік қабілет, вокал, жарықтандыру технологиясы және т.б. таза тәжірибелік маңызы бар сұрақтар қарастырылмайды. Екіншіден, бұл кітапта пәнге арналған терең ақпарат пен нақты деректерге емес, әдіснама, зерттеу әдістері мен тәсілдері мәселелеріне назар аударылады. Оқырман грек театры немесе саяси театр жайлы толық талқылау іздеп әуре болуы мүмкін, дегенмен осы пән бойынша театр тарихшылары өз пайымын жазу үшін жүгінетін ақпарат көздері туралы мәлімет ала алады. Сонымен қатар әр бөлімнің соңында тақырыпты әрі қарай тереңірек оқу үшін көптеген нұсқаулар берілген.

Кітап құрылымы пәннің ағылшынтілді университеттерде оқытылу және зерттелу үлгісіне мейлінше жақын етіп жасалған. Дегенмен барлық академиялық пәндер үнемі өзгеріп (көбінесе өнімді жағына қарай) тұратындықтан, пәннің нақты шегін сызуға деген ұмтылыс, ақыр соңында, сәтсіз болады. Пән бағытының ерекшеліктеріне өзгерістер мен қайта бағдарлау өте қажет және олар үнемі болып тұрады.

Департаменттер зерттеулердің ықтимал өзгерістерінен шет қалмау үшін немесе әншейін жергілікті әкімшілік талаптарына сай болу үшін, бағдарлама құрылымын үнемі өзгертіп отырады. Мұнда қолға алынған мәселелер — бір сәттік таңдаулар немесе бағдарламаның қандай да бір ведомстволық бағытын ғана көрсететін емес, көп ортада пікір қалыптастыратын, кең танылған ортақ қорытындылардың жиынтығы.

Кез келген пән секілді, театртану саласында да университет бағдарламасында, бір жағынан, жоспарлы қағидаға айналдырылған білім беру және екінші жағынан — заманауи зерттеу үрдістерінің талаптарына сай болудың белортасын табуға итермелейтін жіктеу және мамандандыру процестері бар бағдарлама да үнемі соған ыңғайландырылады. Кітап құрылымында білімнің негізгі теориялық салалары I және II бөлімдерде қамтылады, ал қазіргі зерттеулер III бөлімде сөз болады. Бүгінде театр зерттеулері Еуропа тарихының әр кезеңіндегі драмалық мәтіндерді зерттеумен мәндес емес, сондықтан қолдарыңыздағы кітап театр тәжірибелерін түрлі мәдени және тарихи астар арқылы түсіндіруге арналады.

Кітап кіріспеден және үш бөлімнен тұрады. Кіріспеде театр өнеріне кешенді түрде қарауды ұсынамын, оның астарында драмаға, музыка театрына, биге, қуыршақ театрына, қойылымдарға мәдениетаралық және пәнаралық көзқарасты қосу идеясы да бар. Әр бөлімнің ішіндегі тараулар ретін ұстану міндетті емес. Студенттердің театр теориясы жөніндегі тараулармен мейлінше ертерек танысқаны дұрыс. Өйткені онда кітаптың өн бойында үнемі қолданылып отыратын бірқатар терминдер мен ұғымдар түсіндіріледі. Әрбір тарау қосымша оқуға арналған ұсыныстармен аяқталады. Қол жеткізу мүмкіндігі зор көптеген кітаптар мен мақалалар ішінен мен университет немесе ведомство кітапханасынан оңай алуға болатын ағылшын тіліндегі заманауи басылымдарға көбірек көңіл аудардым. Мәтіннің басым бөлігінде библиографияда келтірілген сілтемелер де жеткілікті. Кітап студенттер мейлінше нақты мәселелерді шешуге пайдалы деп есептейтін анықтамалық жұмыстардың, мерзімді басылымдардың және веб-сайттардың тізімімен түйінделеді.

Осы тұрғыдағы кітаптар, негізінен, бұл саладағы кешегі және бүгінгі ғалымдарға қарыздар, олар театртануды ең жарқын гуманитарлық пәннің біріне айналдыра білді. Жекелей алғанда, мен кітапты немесе оның бөлімдерін әр кезеңдерде оқыған әріптестеріме алғыс айтқым келеді. Питер Бөниш (Кент университеті), Мартин Реверманн және Стивен Джонстон (екеуі де Торонто университетінен) қолжазбаның ауқымды бөлігін соңғы кезеңдерде оқып, көптеген құнды пікірін айтты, назарымды өрескел қателерге басқаларға қарағанда көбірек аударып, жан-тәнімен көмектесті. Никола Шонесси де (Кент университеті) маған бейтаныс сала бойынша сындарлы пікір алмасты, сонысы үшін алғысым шексіз. Кембридж университетінің баспасында Вики Купер

әу бастан-ақ бұл жобаны қолдады, ал Ребекка Джонс барлық жаңалықтан хабардар етіп отырды. Бұл кітаптың басым бөлігі Амстердам және Мюнхен университеттерінде жазылды. Екі мекеменің ведомстволық тамаша кітапханалары арқылы кейде көтере алмас шоқпардай болып көрінген шаруалар тез жүйеге келіп отырды. Амстердамда Питер Эверсманн мен Нинке Митер жобаны тіпті өздері де білмейтін тәсілдермен жылдамдатуға қол ұшын берді. Мюнхенде Юлия Фриденбергер кітаптың соңғы бөлімдеріне қатты көмектесті.